

**Қаракемер мектеп-балабақшасында 2022-2023 оқу жылы бойынша
тәрбие жұмысын жүзеге асыруда жүргізілетін жұмыстар туралы
АҚПАРАТ**

Қаракемер мектеп-балабақшасында 2022-2023 оқу жылындағы жұмыстар жалпыадамзаттық құндылықтарды дарытуға бағытталған, өз Отанын, елін, жерін құрметтейтін, салт дәстүрін ұмытпай жанғырту мақсатында жұмыс жасайтын тұлғаны қалыптастыру мақсатында тәрбие жұмыс жоспары құрылды. Тәрбие жоспарын жасауда басшылыққа алынған құжаттарға 2022-2023 жылы оқу жылында арналған жылдық тәрбие жұмыс жоспары, 2022-2023 оқу жылында Қазақстан Республикасының жалпы орта білім беретін ұйымдарында оқу процесін ұйымдастыру ерекшеліктері туралы әдістемелік нұсқау хатының тәрбие бөлімі бойынша, Қазақстан Республикасының Білім мен Ғылым министрлігінің 2019 жылғы 15 сәуірдегі №145 бұйрығымен бекітілген тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері, ҚР Үздіксіз Білім беру жүйесіндегі тәрбие тұжырымдамасы облыстық білім басқармасының 19.08.2019 жылғы №252 бұйрығымен бекітілген Ақтөбе облысы бойынша 2019-2024 жылдарға арналған тәрбие жұмысының бағытты бағдарламасын басшылыққа алып негізінен 8 бағытта жасалды. Тәрбие жоспарында сабақтастық тұтастық жүйелілік қағидалары сақталған. Әр бағытты жүзеге асыруда іс шаралар жоспарланған. Сонымен қатар іс шаралардың ұйымдастыру нысандары мен әдіс тәсілдері мектеп оқушыларының өз ерекшеліктерімен тәжірибесіне байланысты көрсетілген. Ақтөбе облысында жастар мен балаларға тәрбие берудегі “Рухани жанғыру” бағдарламасын іске асыру жағдайындағы тәрбиенің тұжырымдамалық негіздерін қабылдау Қазақстан Республикасының Конституциясы ҚР “Білім туралы Заңы”, үздіксіз білім беру концепциясы, “ҚР ның бала құқығын қорғау”, “Балалар құқығы” Концепциясы, “Діни қызмет діни бірлестік ҚР”, “Неке және отбасы”, “ҚР азаматтарының денсаулығын қорғау туралы”, ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы “Қазақстан жаңа жаһандық нақты ахуалда: өсім, реформалар, даму” Қазақстан Республикасының білім беруді дамытудың 2011-2020 арналған мемлекеттік бағдарламасы; Қазақстан Республикасының “Жасыл экономика” көшу жөнінде 2013-2020 жылдар арналған тұжырымдама; Қазақстан Республикасының 2015-2025 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясы, “Барлық білім беру ұйымдарында оқытудың тәрбиелік құрамдасын күшейту жөніндегі кешенді жоспары”, Қазақстан -2020: болашаққа жол ҚР мемлекеттік жастар саясаты 2020 тұжырымдамасы Қазақстан Республикасының үздіксіз білім беру жүйесіндегі тәрбие тұжырымдамасы басшылыққа алынады. Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә.Назарбаевтың “Болашаққа бағдар: рухани жанғыру” атты тәрбие жүйесінің жаңа форматтағы жобалары енгізілді. Осы 2022-2023 оқу жылы бойынша осы аталған “Қоғам құндылы” арнайы жобасының “Еңбек елдің мұраты”, “Дәстүр мен тұрып”, “Үнем қоғам қуаты” жобаларын жүзеге асыруда бірқатар шаралар атқарылды. Қазіргі таңның ең өзекті мәселесі жасөспірімдерінің құқықтық мәдениетін қалыптастыру болып табылады. Құқық бұзушылықпен келеңсіз жағдайларды барынша болдырмау және аяқын алу, оның зияндылығы мен қауіптілігін түсіндіруде өскелең ұрпаққа құқықтық тәрбие беру, оның мақсат міндеттерін дұрыс түсіндірудің маңызы ерекше. Осы маңыздылықты сақтай отырып, “Құқықтық мәдениет” арнайы жобасы негізінде “Жасөспірімдер арасында құқықбұзушылықтың адын алу және бермеу” тақырыбында учаскелік инспектор Б.Дүрбаев оқушылар арасында кездесу ұйымдастырса, мектеп психологы: А.Е.Қалиева “Өз құқығыңды біл!” тақырыбында дөңгелек үстел ұйымдастырылды.



Оқушылар халқымыздың игі дәстүрлерін, ізгі қасиеттерін, инабаттылық, іскерлік дағдыларын, салт дәстүрлерді бойларына сіңіру, рухани адамгершілік қағидаларды ұстануға үйрету арқылы дұрыс әрекет құндылығының мәнін ашуда “Дәстүр және ғұрып” арнайы жобасының маңызы зор екені белгілі. Осы орайда оқушылардан “Салт дәстүрді білеміз бе?” тақырыбында сауалнамалар алынған болатын. Нәтижесінде оқушыларымыз салт дәстүрді жетік білмесе, біршама білетіндігі айқын көрініс тапты. Тәлімгер П.Бактығали ұмытылып бара жатырған тағамдарымызды қайта жаңғырту, дәріптеу мақсатында “Ұлттық тағамдар ұлттық құндылығымыз” тақырыбында ұлттық конкурсын ұйымдастырды.

“Еңбек елдің мұраты” жобасының мақсаты қажырлы еңбектің арқасында табысқа жеткен адамдардың тәжірибесін, еңбекқорлық құндылықтарды ұдайы өзін өзі жетілдіру мақсатында еңбексүйгіштікке баулу болып табылса, жүктелген мақсатты асыруды “Еңбек ерлікке бастайды”, “Мамандық таңдау ұлы іс” шаралары негіз болды.

Оқушыларды ысырапшылдыққа жол бермеу, тұрмыстық қалдықтарды тиімді мақсатта пайдаланып білуге, табиғи ресурстарды үнемдей білуді түсіндіру, үйрету мақсатында “Үнем қоғам қуаты” арнайы жобасы негізінде 8-9 сынып оқушылары арасында “Табиғи ресурстарға үнемділік болашаққа деген сенімділік” тақырыбында дөңгелек үстел ұйымдастырылды. Аталмыш шара барысында оқушыларымыз табиғи ресурстарды үнемдеудің түрлі жолдарын елеп, “Шебер қолдар” көрмесі аясында тұрмыстық қалдықтардан көптеген қолөнер бұйымдарының көрмелерін ұсынды.

Жалпы өтілген дәстүрлі мерекелік шара жұмыстары төмендегідей:

1 қыркүйек Білім күніне орай салтанатты жиын ұйымдастырылып, барлық сыныптарда ашық тәрбие сағаты ұйымдастырылды. Ашық тәрбие сағатына қонақтар шақырылып тақырып аясында мәліметтер бөліседі.



https://www.instagram.com/p/Ch_e9HMoPZ3/?igsh=MW4zNGlrZzF6NXFzNw==

Қаракемер мектеп балабақшасында 5 қыркүйек Қазақстан халықтарының тілдері күні мерекесі, ұлттың ұлы ұстазы, ағартушы ұстаз, тілші ғалым ақын Ахмет Байтұрсынұовтың 150 жыл толуына байланысты “Тіл- халықтың мұрасы” атты апталықтың ашылу өткізілді.

<https://www.instagram.com/p/CiHwHgDgONK/?igsh=aml3NW9sdHA5NuN1>

Апталық барысында “Тіл татулық тірегі” атты 5-9 сыныптар аралығында сыныптан тыс шаралар өткізілді.

<https://www.instagram.com/tv/CiO-eVcofA2/?igsh=emR4NXU1M3d6MWFy>

Қыркүйек айының “Денсаулық басты байлық” тақырыбында дене шынықтыру пәні мұғалімі: Б.Қалиевтің ұйымдастыруымен денсаулық фестивалі өткізілді.



<https://www.instagram.com/p/CiZlmpaAjzB/?igsh=MWFieG15cW5pZHpvZw==>

“Үстаздар күні” мерекесі аясында мектепшілік апталық жұмыс ұйымдастырылды. Апталық барысында барлық сыныптарда ашық сағаттары өткізіледі. “Жас Ұлан” ұйымы мүшелері ұстаздарды құттықтау мақсатында ашық хаттар жасап құттықтады.

Үстаздар күніне орай 05.10.2022 ж. мектеп бойынша Өзін өзі басқару ұйымы “Дублер” күнін өткізді. Дублер күніне орай оқушылар мұғалімдердің ролін сомдады. Өзін өзі басқару күніне белсенділік танытып, оқушылар бөлініп, сабақтар жүргізілді. Апталық соңы мерекелік жиынмен қорытындыланды.



<https://www.instagram.com/iv/CjSnT03rPoE/?igsh=MXAwc3dmbzRndHYxZg==>

https://www.instagram.com/p/CixVUkqoF_B/?igsh=MXI1bmY5MwQ4cXFnaQ==

Қазан айында дәстүрлі түрде екі мереке - Қарттар күні мен мұғалімдер күні аталып өтіледі. “Руханият” бөлімі, Мектеп әкімшілігі, педагогикалық құрамы, оқушылар, ата-аналар ұжымдары өз өмірлерінің бір бөлігін мектепке арнаған мұғалімдерді мерекелерімен бейнероликтер арқылы құттықтап, ықыластарын білдіріп, назардан тыс қалдырмады. Халықаралық қарттар күні біздің назарымызды егде жастағы адамдардың қоғамдағы маңызды роліне аударуға арналған. “Руханият” бөлімі қазан айында рухани адамгершілік бағыты бойынша 1-9 сынып оқушыларымен “Қарттарым, аман сау жүрші” жалғызбасты қарияларға көмектесу іс-шарасы өтті және бейнеролик түсіріліп, әлеуметтік желіге жүктелді.



<https://www.instagram.com/p/CiNNqd-gaXO/?igsh=eHRtZ284bTYzckjw>

Дәстүрлі мерекелердің бірі қарттар мерекесіне орай “Қарттарын қадірлеген ел ардақты” атты мерекелік концерт ұйымдастырылып, қарттарға құрмет көрсетілді.



<https://www.instagram.com/p/CjNNqd-gaXO/?igsh=eHRtZ284bTYzckw>

Республика күніне орай оқуға құштар жобасы аясында “Менің Қазақстаным!” тақырыбында кітап көрмесі өткізілді. Мектеп кітапханашысы Г.Сағиданова рухани патриоттық кітаптар көрмесін жасап таныстырды.



<https://www.instagram.com/p/Cjz-YjsICts/?igsh=NnJvbXl5c2g0cm81>

“Тұғыры биік Қазақстан!” тақырыбында 5-9 сыныптар аралығында бірінғай тәрбие сағаттары өткізілді.



Республика күні апталығы аясында “Қыран елім Қазақстан!” тақырыбында 2-7 сыныптар аралығында сурет байқауы өткізілді.

Республика күніне орай “Тұғыры биік тәуелсіз Қазақстан” тақырыбында мектепшілік дебат турнирі өткізіліп, оқушылар марапатталды.

Республика күні апталығы аясында “Менің Отаным Қазақстан!” тақырыбында саланатты жиын өткізілді. Жиында республика күнінің онкүндігіне жақсы белсенді хатысқан оқушылар мен мұғалімдер марапатталды.

Республика күні апталығы аясында “Жанашыр жүрек” акциясы өтті. Акцияда мүмкіндігі шектесулі оқушыларға арналған шара өткізіліп оқушылар марапатталды.



<https://www.instagram.com/p/Cj-ebFGoRzn/?igsh=MTZtY3k4smhnmciNg==>
<https://www.instagram.com/p/CkCkK0Porzk/?igsh=NalmY3hrampmMuBs>

Дәстүрлі мерекелердің бірі жаңа жыл мерекесі. “Төрлет құтты Жаңа жыл!” тақырыбында жаңа жылдық сыйлықтар таратылып, оқушылар тақпақтар айтып, ән салды.



<https://www.instagram.com/p/CmvmuXDoEOu/?igsh=OHV3ZXRVd2p2Y2ly>

Наурыз “Алғыс айту” күні 1-9 сынып оқушыларымен “Алғысым шексіз!” атты жұмысы өткізілді. Ана бір қолымен бесік тербесе, екінші қолымен әлемді тербейдідемекші асылда, ардақты ана қадірін білу және ұғындыру мақсатта “Әлем бесігін тербететін жан АНА” атты мерекелік концерт мектеп оқушыларымен ұйымдастырылды.

<https://www.instagram.com/p/Cpt5lulkw4/?igsh=bGltYWh0NXF4bXB0>

8-22 наурыз мерекесіне орай мектебімізде төмендегідей жұмыстар ұйымдастырылды. “Ана дана, Ана дара” челленджі, “Әлем арулармен әсем” 1-4 сынып оқушыларымен мерекелік құттықтауы, “Сұлу қыз, сырлы жеңге” жеңгелер сайысы, “Әжелер сөзі, тәрбие көзі” әжелер сайысы, “Ұлттық киім ұрпаққа мұра” ұлттық киім киюді ұйымдастырылды. “Қазақ қоғамындағы әйелдің орны” дебат ойыны, 14 наурыз көрісу күніне орай “Амал келді жыл келді!” атты бәйше тәрбие сағаты, “Бабаларымыздан қалған асыл қазына” ұлттық ойын түрлерінен сайыс, “Ұлтымыз Ұлыстың күнін ұлықтайды” пікірсайыс турнирі, “Күй күмбірі” республикалық домбырашылар челленджі жоспарланып, жоспарға сай ұйымдастырылды. Қатысушы сыныптар, ата аналар барлық шараларға аса белсенділікпен ат салысты.



<https://www.instagram.com/p/Cpx0blWlOvq/?igsh=MTk5MDV0OGsyb29jMw==>



<https://www.instagram.com/p/CqLhDfE12yG/?igsh=MTZ3mhvcjRmTJhaA==>

1- мамыр 1-9 сыныптарда сынып сағаттары өтілді.

“Ешкімде ештеңе де ұмытылмайды” деген қағиданы ұстана отырып, жас ұрпақты тарихымызды тереңнен тануға баулу. Оқушылардың Отан тарихына деген сүйіспеншіліктерін, жеңіс салтанатын көре алмай кеткен боздақтардың ерлік істеріне тағзым етуге, өз халқымыздың тарихын құрметтей білуге, дүние жүзіндегі басқа ұлт өкілдерінің достығын нығайтуға тәрбиелеу мақсатында іс шара жұмыстары өтті.



<https://www.instagram.com/p/CrkfaNaAJoy/?igsh=Y3N4dGFjZmUycmFl>

Қазан айында 5-9 сынып аралығында “Алтын күз” кеші өткізілді. Кеш барысында оқушылар арнайы турлардан өтіп, 8 сынып оқушылары күз ханзадасы Сұлтан Аян мен күз ханшайымы Серікбаева Гүлім бас жүлдемен марапатталды.



Оқушылардың уақытын тиімді жоспарлау барысында оқушылардың күзгі уақытта “Менің сүйікті хоббиім” атты күзгі каникул шаралары өткізілді.



“Отбасы- бақыт мекені” апталық жұмысы дәстүр бойынша мектебімізде өткізілетін алғашқы апталық жұмыстарының бірі. Осы апталық аясында мектебіміздің жұмыстарына ата аналар қауымы белсенді түрде қатысады. Барлық сыныптарда ата аналардың қатысуымен ашық тәрбие сағаттар ұйымдастырылды. Тәрбие саласы мамандары тақырып аясында түрлі шаралар өткізді.



<https://www.instagram.com/p/CsQI9LNopDu/?igsh=MnZqeWg5Z3d4NW52>



<https://www.instagram.com/p/CsT3etvoA3Y/?igsh=MXBvZzZiOGivOG02dw==>

Тәуелсіздік мерекесіне орай мектебімізде апталық жұмыс ұйымдастырылды. Апталық жұмыс жоспарына сай барлық сыныптарда ашық тәрбие сағаттар ұйымдастырылды. Тәрбие мамандары мектеп оқушыларымен бірлесе отырып, Тәуелсіздік тақырыбы аясында сыныптан тыс жұмыстар, спорттық шаралар, кездесулер, интеллектуалды тарихи сайыстар ұйымдастырып өткізді.



<https://www.instagram.com/p/CmGEseJIOxH/?igsh=MWZzY3gvZ2gwcG5xcg==>

Оқушылардың денсаулығын сақтауға және қалпына келтіруге, суицидтің алдын алуға арналған іс шаралар:

Қаракемер мектеп балабақшасында “Өмір сен қымбатсың маған!” тақырыбында психологиялық тренинг өтті. Мақсаты: “Өмір”, “Бақыт” ұғымдарына тереңірек үңілуге ықпал жасау. Өзінде бар құндылықтарды бағалай білуге үйрету және өмірге деген құштарлықтарын арттыру. Ойыл ауылдық полиция инспекторымен құқықбұзушылықтың және келенсіз оқиғалардың алдын алу, балаларды әлеуметтік желі беттеріндегі әртүрлі діни ағымдар мен келенсізлікке апаратын әртүрлі ойындардан аулақ болуын қамтамасыз ету мақсатында “Әлеуметтік желі әлегі” тақырыбында ата-аналармен ақпараттық түсіндірме жұмыстарын жүргізді. 8-9 сынып оқушылары арасында оқушыларды заттардан аулақ болуға баулу және спортпен шұғылданып, салауатты өмір сүру дағдысын қалыптастыру мақсатында “Ұрпақ саулығы ұлт саулығы” тақырыбында бипыңғай тәрбие сағаттары ұйымдастырылды. 8-9 сынып оқушылары арасында мектеп психологі “Вейн денсаулыққа өте қауіпті” тақырыбында баяндама оқып, түсіндірме жұмыстарын жүргізді. Мақсаты, жасөспірімдер арасында бір реттік “вейн” эпидемиясын алдыналу, оның денсаулыққа зиян туралы түсіндірді. “Әкелер бізде қонақта” шарасы аясында “Отбасы шаңырақтың айнымас тіреуі” тақырыбында әкелерге арналған психологиялық тренинг ұйымдастырылды. Мектеп психологі балаларды ізгілікке, мейірімділікке тәрбиелеу өмірді сүйуге, жоғалай білуге кеңестер беру және өзекті мәселелерді талдау кезінде өз ойларын анық, батыл, еркін жеткізе білу мақсатында “Жүрек жылуын балама арнаймын” тақырыбында тренинг ұйымдастырылды. Келенсіз оқиғалар мен жат қылықтардың алдын алу, өмір сүру құштарлықтарын арттыру мақсатында жоғары сынып оқушыларына “Өмір бақыт, бері өз қолыңда” тақырыбында психологиялық тренинг ұйымдастырылды. 8-9 сынып қыз балалармен “Жасөспірім шақтағы ерте жүктіліктің алдын алу” тақырыбында мектеп мейірбикесімен кездесу ұйымдастырылды. Кездесу барысында сауалнамалар алынып, ерте жүктіліктің зияны мен салдары түсіндіріліп, қыз балаларға беймезгіл уақытта жүрмеу керектігін, ішімдік ішкен, бөгде адамдардан сақтану керектігі туралы ескертілді. Мектеп мейірбикесі Ш.Шотанова 8 сынып оқушыларына салауатты өмір салтын қалыптастыру, зиянды заттардың алдын алу мақсатында шылым шегудің зияны мен адам өміріндегі тигізер зардабы туралы түсінік жұмыстарын жүргізіп, жаднамалар таратты.



<https://www.instagram.com/p/CkpnfoPgHGK/?igsh=MXZkMWRjMHe3Y2VsNg==>

“Қоғамға қызмет” ерікті клубы бойынша жүргізілген жұмыстар:

Қаракемер мектеп-балабақшасында Республика күніне орай әлеуметтік педагог және еріктілер мүшелері бірлесіп “Тазалық бүгіннен басталады” акциясын өткізді.

Табиғат бүкіл тіршілік атаулының алтын ұясы және аялы есігі. Акцияға 6 сынып оқушылары мектеп ауласын тазалап қол көмектерін берді. Сонымен қатар өзімізден бастап, табиғатты, ауылымызды, мектеп айналасын тазарту мақсатында тазалық акциясына ... сынып оқушылары өз көмектерін берді. Осы орайда қайырымдылықты насихаттау және дамыту мақсатында “Жаксылық сабағы” ұйымдастырылды.

Халқымыздың тұла бойы мәдениеті, мінезі жақынында қамқор болу, мейірімділікпен жұмыла көмек көрсету сияқты қасиеттерден тұрады. Осыған байланысты азаматтардың әлеуметтік осал санатына көмек көрсету, қайырымдылық акцияларын ұйымдастырып, волонтерлік топтарды тарату мақсатында “Жүрек” акциясы аясында Қаракемер мектеп балабақшасында “Қоғамға қызмет” еріктілер тобы және ерікті мүшелер ауылымыздың жалғыз басты қарияларына көмек көрсетті.

“Ізгілік тілесең...” акциясы Қазақтың жақсы қасиеттерін асылы жомарттық, кең пейілділік. Ол адамға қызмет қылып, жақсылық жасауға пейілді жанға тән сипат. Жас ұрпақтың бойына адамгершілік, ізгілік, қамқорлық дарыту мақсатында анасынан айырылған жалғыз басты әкеге көмек көрсетілді. Жақсылық жасау парызым!

Әр қашан қамқорлық жасап жүрейік!

Қыз балалармен ерте жүктіліктің алдын алу бойынша жүргізілген жұмыстар:

Қыздармен жұмыс жоспарында жүйелі жүргізілді. Қыздар клубының жетекшісі Жеңісова Ақбаян Ерболқызы. Жоспар бойынша қыз балалармен іс шараларды жүргізіп отыр. Апта сайынғы хабарламала жиынында қыз балалардың тазалықтары, мектеп формасын сақтауы тексеріліп тұрады. Қыздар жиналысы жоспар бойынша ұйымдастырылып отырды.

12 қазан қыздар күніне ұйымдастырылған апталықта мектеп мейірбикесі Ш.Шотанова “Қыз әдебі” тақырыбында баяндама жасап, қыздарға гигиеналық тазалықты ұстану кезіндегі әдептіліктері турлы баяндады. Сонымен қатар, мектеп психологы А.Е.Калиева қыз әдебі тренингін өткізді.

Қыздар апталығы аясында “Қыз тәрбиелей отырып, ұлт тәрбиелейміз!” тақырыбында 5-9 сынып қыздары арасында эссе байқауы өтті.

Қыздар апталығы аясында “Үлгілі үйдің қыздары” атты сайыс өткізілді. Сайысқа қатысқан қыздар арнайы турлардан өтіп марапатталды.



“Әдеп пен ар ұят қыздың көркі” тақырыбында қыз балаларға арналған дөңгелек үстел жұмысы өтті. Жұмыс барысында оқушыларға қыз балалардың әдептілігі, киіну мәдениеті, жүріс тұрысы туралы сөз қозғалып кеңестер берілді. Қатысқан оқушы саны: 17.

Өткізген психолог: А.Қалиева

“Қатыгездік пен зорлық зомбылықсыз балалық шақ” атты онкүндігі аясында “Қыз балалар қауіпсіздігі” тақырыбында 8-9 сынып қыздарына қыз балалар жетекшісі: А.Жеңісова тренинг өткізіп, баяндама жасады.



“Ұрпақ саулығы-ұлт саулығы” тақырыбында мектеп медбикесімен 8-9 сынып оқушыларымен аға тәлімгер: П.Бактығали кездесу өткізді.

Мақсаты: Өскелең жас ұрпаққа адам денсаулығының қымбаттылығын, өмір сүру үшін қажетті бағалы байлық екендігін, дені сау ұрпақ ертеңгі елдің болашағы екендігін түсіндіру, адам денсаулығына зияны көп тыйым салынған заттарды тұтынбауға тәрбиелеу.

Қыз балалармен жұмыс жоспары негізінде кітапханашы Г.Сағиданова “Қазақстанның және әлемге әйгілі әйелдер” тақырыбында ақпараттық көрмемен таныстырды. Мақсаты: әлемге танымал әйгілі, қазақстанның көрнекті тұлғалары әйелдердің өмірімен, ізгі істерімен үлгі ете отырып, қызығушылықтарын арттыру. Қарапайымдылыққа, мейірімділікке, ибалыққа, ізгілікке тәрбиелеу. 9 сыныптың қыз балалары ақпараттық көрме мен таныстырып, кітапханашы әйел адамдардың атауымен аталған көркем әдеби шығармаларға шолу жасады.

5-9 сынып қыз балаларымен “Өмір қымбатсың маған” тақырыбында мектеп психологы А.Қалиева қыз балалармен жұмыс жүргізді. Мақсаты: Өмірге жақсы көзқараспен қарауға, қадірлей, бағалай білуге, қайырымдылыққа, достыққа, сыйластыққа тәрбиелеу.

Жоғарыда аталған жұмыстардың барлығы уақытылы ұйымдастырылып, мектептің әлеуметтік парақшасына жарияланды.

Барлық шаралар уақытылы жүргізілі, іс құжаттары жасакталып, мектептің әлеуметтік парақшасына жарияланған.

Құқықбұзушылық, зорлық зомбылықтың алдын алу жұмыстары бойынша атқарылған жұмыстар туралы ақпарат

Қаракемер мектеп-балабақшасында кәмелетке толмағандар арасындағы өзіне өзі қол жұмсанаудың, құқықбұзушылықтың, жыныстық қолсұтқушылықтың, буллингтің алдын алу бойынша біршама жұмыстар жүргізілді.

Оқу жылы басында ұлдар, қыздармен жұмыс, құқықбұзушылықтың алдын алу жұмыстары негізінде арнайы жұмыс жоспары жасасталып, жоспарға сай төмендегідей жұмыстар жүргізілді.

Ойыл ауданы АПБ н ЖПҚБ учаскелік полиция инспекторы полиция майоры: А.Шегетаев “Жасөспірімдер арасындағы құқықбұзушылықтың алдын алу” тақырыбында баяндама жасады. Қаракемер мектеп балабақшасында 4-9 сынып оқушыларының арасында жасы кәмелетке толмағандармен және оларға жасалатын қылмыстардың алдын алу мақсатында оның ішінде бопсалау, мүлдем төзбеушілік деректері, отбасындағы зорлық зомбылық мәселелері туралы түсіндірме жұмыстарын жүргізді. Қатысқан оқушы саны: 21.

Балалардың отбасында, қоғамдық ортада, білім беру ордасында құқығының қорғалуы, қадағалаусыз қалуының алдын алу, буллингке жол бермеу, балалар арасында қолайлы орта қалыптастыру мақсатында ұйымдастырылған “Басты міндет бала қауіпсіздігі” тақырыбында іс шара жоспары аясында 5-9 сыныптар арасында “Кибербуллинг деген не және ол несімен қауіпті?!” тақырыбымен тәрбие сағаты өтілді. Қатысқан оқушы саны: 27.

Қазан айында күні құқықбұзушылықтың алдын алу келенсіз оқиғаларды болдырмау мақсатында 8-9 сынып оқушыларына баяндама оқылып, сауалнамалар алынды.



<https://www.instagram.com/p/Ck8IoviowR2/?igsh=ZDVzMmFnei9ydzNr>

Қаракемер мектеп-балабақшасында оқушыларға адам құқықтары мен бостандықтары жайында түсінік беру, жасөспірімдер арасындағы қорлау, мазақтау, намысқа тию жағдайларының алдын алу интернеттегі қауіпті ойындардың зардаптары туралы ақпараттандыру мақсатында 5-9 сынып оқушыларымен дөңгелек үстел өткізілді. Дөңгелек үстел “Көкейде жүрген сауал”, “Менің құқықтарым мен міндеттерім!”, “Ертегілер еліне саяхат”, “Тығырықтан шығар жол қайсы” айдарлары шегінде өрбіді. Шараға барлығы 23 оқушы қамтылды.



<https://www.instagram.com/p/Ck8IoviowR2/?igsh=ZDVzMmFnejgydzNr>

“Құқықбұзушылықтың алдын алу - басты міндет” атты апталық іс шаралар жоспарына сай “Жасөспірім және Заң”, “Құқықтық жауапкершілік”, “Жасөспірім. Құқықтық. Жауапкершілік” тақырыптарында 5-9 сыныптар арасында сыныптан тыс сабақтар өтті.

Апталық аясында “Өз құқығымызды білеміз бе?” тақырыбында баяндама оқылып, құқықбұзушылық туралы жағдаяттық сұрақтар қойылды.



<https://www.instagram.com/p/C1CaFlao8Fr/?igsh=MWdrenhueDRsaXlwMw>

Оқушылардың өмір қауіпсіздігін қамтасыз ету, құқықбұзушылықтың алдын алу мақсатында түнгі рейд кезекшіліктері атқарылып, оқушылардың мезгілсіз уақытта көшеде жүрмеулері қадағаланды.



<https://www.instagram.com/p/CpJ1IqRltZf/?igsh=czI2NzM0ooRrZnpt>

Жасөспірімдер арасындағы құқықбұзушылықтың алдын алу мақсатында “Буллинг дегеніміз не?” тақырыбында оқушыларға түсінік жұмыстары жүргізілді. Мектеп психологы: А.Е.Қалиева



<https://www.instagram.com/p/CcJ5BogIQ/?igsh=Z3EvYnlrZTljdTZ0>

Ойыл аудандық АПБ ң ЖПКБ учаскелік полиция инспекторы: А.Шегетаев пен Ойыл АПБ ң ЖПКБ КТДЖ УПИ полиция капитаны Н.Әділбековтың қатысуымен “Сыбайлас жемқорлыққа қарсы”, “Интернет алаяқтығынан сақтану” тақырыптарында дәріс оқыды.



Жол қауіпсіздігінің алдын алу бойынша жасалған жұмыстар туралы:

“Жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету және жол көлік жарақатынан сақтандыру” тақырыбы бойынша 5-9 сынып оқушыларына сынып жетекшілері тәрбие сағаттарын өткізді. Тәрбие сағаттары барысында мектептің медбикесімен бірге алғашқы көмек қалай жасау керектігін көрсетті. Естен тану, аяқ қолдарын сынуы ашық жарақат тағы басқа сол сияқты жағдайларда алғашқы көмек қалай көрсету керектігі жайында оқушыларға түсіндірілді.



<https://www.instagram.com/p/Cjm-t16AnFT/?igsh=enZqY3hxeGJ6aWfk>

Оқушылардың жол ережесі туралы білімдерін толықтыру, көшеде жол тәртібін сақтай білуге үйрету, жол белгілерінің түрлерін ажырата білуге мақсатында 5-6 сынып оқушыларымен Б.Дүрбаев жол ережелері сабақтары ұйымдастырылды.

Діни экстремизмнің алдын алу мақсатында іс шаралар туралы

Қаракемер мектеп балабақшасында 2022-2023 оқу жылында оқушыларға экстремизм, терроризм туралы түсінік беру, оның түрлері, себептері мен зардаптарын ұғындыру мақсатында діни экстремизмнің алдын алу жұмыс жоспары құрылды. Жоспар негізінде төмендегідей жұмыстар атқарылды. Мектебімізде қыркүйек айында 7-9 сыныптар арасында мектеп психологы: А.Қалиева оқушылардың діни қызығушылық деңгейін, көзқарасын, білімін анықтау мақсатында сауалнама жүргізілді. Сауалнамаға 23 оқушы қатысты. Сауалнама нәтижесінде оқушылардың дінге аса қызығушылық, биімділік жоқ екені анықталды.

Қазан айында дінтану пәні мұғалімі М.Жұмағалиева “Теріс пиғылды діни ағымдар, олардың белгілері мен зардабы” тақырыбында дөңгелек үстел жұмысын өткізді. Жұмыстың негізгі мақсаты: жастарды діни ұйымдарға тартуға әрекет жасаған жағдайдағы мінез құлық дағдыларын

калыптастыру, діни экстремизм жайлы, экстремистік ұйымдармен күрестегі мемлекеттік саясат жайлы түсінік беру. Оқушыларға қазіргі таңдағы теріс діни ағымдар жайында, экстремистік ұйымдар мен өртүрлі діни сеталардың адам өміріне тигізер зияны туралы түсіндіру. Аталған жұмыс 8-9 сынып оқушыларына жүргізілді. Барлығы: 16 оқушы.

Қараша айында 5-9 сынып оқушыларымен тәлімгер П.Бақтығали "Терроризмге қарсымыз!" тақырыбында плакаттар байқауын ұйымдастырды. Жұмыстың негізгі мақсаты: теріс діни ағымдардың зардаптарын түсіндіру.

Қаңтар айында "Діни экстремизм, терроризм бейбітшілік пен тұрақтылыққа төлген қауіп" тақырыбында 8-9 сынып оқушыларымен тәрбие сағаттары өтілді.

Ақпан айында "Көп дінді елдің ертені бұлыңғыр", "Оқушының бойындағы діни білімін педагогика және психология факторы арқылы тәрбиелеу" сынып жетекшілерімен мектеп психологы жұмыс өткізді.

Сонымен бірге, жалпы мектепшілік ата аналар жиналысында да ата аналарға, өз балаларын жіті қадағалауды және ата аналарға да экстремизмнің қаупі туралы айтылды. "Діни экстремизмді алатын болсақ, ол адамдар арасында ірікі салуға, көшпенділік отын тұтатуға, қантөгістер ұйымдастыруға жол ашады. Пиғылы бөтен, қазақтың болмысына жат ағымдарға қазір тосқауыл қоймасақ, онда ертең бірлігімізге сызат түседі". Міне, сондықтан да оқушылар мен ата анаға қатаң ескерту шарасы беріліп отырды.

Кәсіби бағдар беру мақсатында жүргізілген жұмыстар:

Оқушылардың бағыттылығын анықтау, өзін мамандықтар әлемінде таба білу, өзінің қоғамға қажетті адам екенін сезінуіне жағдай жасау. Мамандықтар туралы түсініктерін кеңейту мақсатында мектебімізде кәсіби бағдар беру жұмыс жоспары құрылып бекітілді. Арнайы жұмыс жоспары негізінде көптеген іс шаралар ұйымдастырылды.

Атап айтатын болсақ: қазан айында мектеп психологы: А.Қалиева "Мамандықтың өмір таңдауы" тақырыбында 8-9 сынып оқушыларына психологиялық сабақ өткізді. Мақсаты: оқушыларға болашақ мамандығына айқын да сенімді таңдауына бағыт көрсету, өздерінің жеке мүмкіндіктерін толық пайдалана білуге жол ашу, мамандық таңдауда қателеспеуге және қиыншылықтарды және білуге үйрету. Шараға 8-9 сынып оқушылары түгел қамтылды.

Қаңтар айында мектеп тәлімгері П.Бақтығали 7,8,9 сынып оқушыларымен "Бүгінгі студент ертеңгі маман" тақырыбында ауыл студенттерімен кездесу өткізді. Кездесу барысында оқушылар "Студенттік өмірдің қиындығы мен қызығы қандай?", "Мамандық таңдауда нені басшылыққа алу керек?", "Қазіргі таңда жана мамандықтар қандай?" тб сауалдарға жауап алды. Ауыл студенттері кеш барысында оқушыларға түрлі жаңа мамандықтар туралы, мамандықты дұрыс таңдаудың маңызы туралы кеңестермен бөлісті. Аталған шараға барлығы 24 оқушы қатысты. Сонымен бірге тәлімгер П.Бақтығалидың ұйымдастыруымен 2-4 сыныптар арасында "Жақсы маман боламын!" тақырыбында топтық сайыс өтілді. Сайыс "Әріпті мамндық", "Аласқан әріптер", "Ең ... Ең...Ең...", "Тапқыр болсаң тауып көр" атты төрт бөлімнен тұрды. Сайыс нәтижесі бойынша "Борт серіктері" тобы 1-орын, "Дәрігерлер" тобы 2-орын, "Құрылысшылар" 3-орын иеленді.

Ақпан айында 3-4 сынып оқушыларына мектеп психологы А.Қалиева "Мамандықтың бәрі жақсы" психологиялық сабақ өткізді. Мақсаты: оқушыларға түрлі мамандықтармен таныстыра отырып, өмірдегі маңызын ұғындыру.

XXI ғасыр адам өмірінің өртүрлі саласында жаналықтар енгізіп қана қоймай жана мамандықтарды да ала келді. Адам баласы XX ғасырда қажетсінібеген тіпті естіп білмеген түрлі мамандықтар пайда болуда. Осыған орай Қаракемер мектеп балабақшасында қазіргі таңдағы сұранысқа ие, жана замандағы, жаңа мамандықтарды оқушыларға таныстыру, олардың қызметтері туралы түсіндіру, болашақ мамандықтарын дұрыс таңдауға бағыт беру мақсатында 7-9 сынып оқушыларымен әлеуметтік педагог М.Жұмағалиева "Жаңа замандағы жаңа мамандықтар" тақырыбында дөңгелек үстел жұмысын ұйымдастырды.

Жазғы демалыс лагері бойынша “Жаз бала Fest” демалыс лагері жұмыс жасауда. 05.06-17.06.23 аралығында тамақсыз, 19.06-30.06.23 аралығында тамақпен бала қамтылып мектеп жанынан балалардың жазғы демалыс лагері ұйымдастырылды. Қала сыртындағы лагеріне екі оқушы, “Күншуақ” лагеріне екі оқушы, “Шұғыла лагеріне екі оқушы, “Баллаурен Конаев” республикалық оқу сауықтыру орталығына бір оқушы жіберілді.

Мектеп жанындағы лагерде демалып жатырған оқушылардың әр күнін қызықты, тиімді етіп өткізуде төмендегідей жұмыстар жүргізілді.

1-маусым балаларды қорғау күніне орай Қаракөмер мектеп балабақшасында салтанатты шара өтілді. Шара барысында оқушылар “Жаз бала Fest” лагерінің ашылуына орай түрлі тақпақтар айтып, әнінен шашу шашты. Шара соңында “Берік А” шаруа қожалығының демеушілігімен оқушыларға балмұздақ пен кәмпіттер таратылды.

Қаракөмер мектеп балабақшасы жанынан ұйымдастырылған “Жаз бала Fest” жазғы демалыс лагеріндегі бастауын сынып оқушыларымен “Достық татулықтан басталады” атты психологиялық тренинг сабақ ұйымдастырылды. Мақсаты: Оқушылардың достық туралы ұғымын кеңейту, достарға деген қарым қатынасты қалыптастыру, бір біріне қамқор болуға достық қарым қатынас дағдысын қалыптастыру. Тренинг барысында балалар “Сәлемдесу”, “Құпия дос”, “Достық үйін құрастыру” ойын жаттығуларына жоғары белсенділікпен қатысты.

“Жаз бала Fest” демалушылары ата аналардың да демеушілігімен сакралды аймақтарға саяхат жасап барып келді.



<https://www.instagram.com/p/Cta6eBEABDQ/?igsh=MTdjOGVlcaFhaXJyeg==>

2022-2023 оқу жылдары білім алушыларға рухани адамгершілік, көркем эстетикалық бағытта тәрбие беру, жеке тұлғалық қабілеттерін дамыту мақсатында, қоғамдық саяси сауатын күшейту бағытында мектеп жанынан үйірмелер ашылып, жұмыс жүргізілген. Үйірме жұмыстары сабақтан тыс уақытқа ұйымдастырылған. Сабақтан тыс жұмыстардың кестесі жасалған.

2022-2023 оқу жылында “Волейбол”, “Әдебиет әлемі”, “Шахмат”, “Қазақша күрес” үйірмелері жұмыс жасады.





“Өмір қауіпсіздік негіздерін оқытуды іске асыру” оқу курсы оқытуды іске асыру:

2022-2023 оқу жылы бойынша “Өмір қауіпсіздігі негіздері” оқу курсы оқыту міндетті болып табылады. 1-3 сыныптарда жылдық оқу жүктемесі 6 сағатты, 4 сыныптарда 10 сағатты “Дүниетану” пәні шеңберінде бастауыш сынып мұғалімдерінің оқытуымен жүзеге асырды. Сонымен қатар 5-9 сыныптарда 15 сағатты құрайды және дене шынықтыру пәні мұғалімдерінің оқытуымен жүзеге асырды. Барлық пән мұғалімдеріне қатысты “Өмір қауіпсіздігінің негіздері” күнделікке тақырыптары енгізілді.

“Жолда жүру ережелері” міндетті оқу курсы оқытуды іске асыру:

2022-2023 оқу жылында “Жолда жүру ережелері” оқу пәнінің үлгілік күнтізбелік тақырыптық жоспарына сәйкес жүргізілуде. Қыркүйек айында: 1 сыныптарда “Көше күпеген оқиғаларға толы”, 2 сыныптарда “Білім алушылардың көшеде және жолдарда жүрудің негізгі ережелері”, 3 сыныпта “Балалардың көшеде, жолда жүру ережелері”, 4 сыныпта “Жолда жүру ережелерін білеміз бе?”, 5 сыныпта “Біздің қала (ауыл), аудан”, 6 сыныпта “Жолда жүру ережелері (қайталау)”, 7 сыныпта “Автокөліктің еліміздің экономикалық рөлі”, 8 сыныпта “Жол жүру 23 ережесінің пайда болуы. Жол белгілерінің халықаралық тілі” тақырыптары “Күнделік.kz” электронды журналға толтырылды. Қазан айында 1 сыныпта “Жаяу жүргінші өтпелері”, 2 сыныпта “Реттелмейтін жол қозғалыстары”, 3 сыныпта “Қай жерлерден жолдан етуге болмайды”, 4 сыныпта “Білім алушылардың топпен және қатармен жүру ережелері”, 5 сыныпта “Жол таңбаларының белгіленуі”, 6 сыныпта “Көлік құралдарының қозғалысы. Көлік құралдарының аялдама жолдары”, 7 сыныпта “Көлік құралдарын пайдалану ережелері”, 8 сыныпта “Қозғалысты реттеу нысандары” тақырыптары “Күнделік.kz” электронды журналға Қосымша білім беру бөлімінде толтырылды.

Қаракемер мектеп-балабақшасы бойынша барлық жоспарланған іс шаралар уақытылы өтілді. Өтілген іс шаралар мектептің әлеуметтік парақшасына жарияланды.

Тәрбие ісі жөніндегі орынбасары:  Г.К.Доскалиева